

Жетіген ауылдық округінің көшелерін қайта атау туралы

Алматы облысы Іле ауданы Жетіген ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 6 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 12 қазанда № 5707 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жетіген ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып және 2018 жылғы 26 наурыздағы Алматы облысының ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Іле ауданы Жетіген ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жетіген ауылдық округінің келесі көшелері қайта аталсын:

Жетіген ауылындағы "Лесная" көшесі "Әйтеке би" көшесіне, "Советская" көшесі "Төле би" көшесіне, "Ильич" көшесі "Сүйінбай жырау" көшесіне, "Геофизическая" көшесі "Абылай хан" көшесіне, "Золоторудная-Юбилейная" көшесі "Райымбек батыр" көшесіне, "Морозов" көшесі "Жетісу" көшесіне, "Ленин" көшесі "Наурызбай батыр" көшесіне, "Новая" көшесі "Жібек жолы" көшесіне, "Садовая" көшесі "Қабанбай батыр" көшесіне, "Речная" көшесі "Желтоқсан" көшесіне, "Шоссейная" көшесі "Өтеген батыр" көшесіне, "Дом пенсионеров" көшесі "Жәнібек батыр" көшесіне, "Западная" көшесі "Нұрлы жол" көшесіне, "Мехколонна 50" көшесі "Құрманғазы" көшесіне, "Стадионная" көшесі "Қарасай батыр" көшесіне, "Калинин" көшесі "Астана" көшесіне, "Подстанция" көшесі "Жаңа ғасыр" көшесіне, "Арычная" көшесі "Бәйтерек" көшесіне, "Речная" көшесі "Ақсай" көшесіне, "Почтовая" көшесі "Заңғар" көшесіне, "Новостройка" көшесі "Жас Ұлан" көшесіне;

Күйған ауылындағы "Степная" көшесі "Алатау" көшесіне, "Пролетарская" көшесі "Мәңгілік Ел" көшесіне, "Заозерная" көшесі "Хантау" көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жетіген ауылдық округінің әкімі

Н. Абилев